# Ауған ақиқаты

**А.Құнанбаев атындағы №6 жалпы орта білім беретін мектебінде КСРО әскерінің Ауғанстан жерінен шыққанына 30 жыл толуына байланысты «Ауған ақиқаты» тақырыбында Ауған соғысының ардагерлері Марат Балдиков пен Қабжалел Молдашевпен кездесу өткізілді. Кездесу барысында «Ауғанстан» тақырыбындағы бейнесюжет тамашаланып, қонақтар соғыс кезіндегі өмір туралы естеліктерімен бөлісті. КСРО Қарулы күштерінің Ауғанстанға басып кіріп, оның ішкі істеріне қол сұғуы салдарынан тұтанған соғыстың тарихы туралы 11-сынып оқушысы Адина Табылдинова мәлімдеме жасады.**



Ауғандық ардагерлердің ерен ерліктері ел аузында, олар жарқын болашақ сыйлаған ер азаматтар ретінде әрқашан құрметті орында болады. Ағалардың құрметіне 4-сынып оқушысы Дамир Тоқтаров әсем әнін арнаса, 11-сынып оқушылары Ұлмекен Қабдрахим мен Ақжол Молдахмет өз тілектерін білдірді.

Кездесу оқушыларды елжандылыққа, бейбіт өмірдің құнын түсінуге, ерлікті бағалауға шақырды.

**Гүлзада ТҮЙЕБАЙ,**
**А.Құнанбаев атындағы №6 жалпы орта білім беретін мектебінде іс-тәжірибеден өтуші, 4-курс студенті.**

# Ауғанстан ақиқаты



**15 ақпан Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 30-жыл. Осыған байланысты М.Әуезов атындағы №5 орта мектепте «Ауғанның от жалыны» тақырыбында Ауған соғысының ардагерлерімен кездесу ұйымдастырылды.**

Кездесуге қаламыздағы Ауған соғысы ардагерлерінің төрағасы Марат Балдиков, интернационалист жауынгер болған Серік Қорқытбаев т.б. қонақтар шақырылды.

Бұған дейін мектебімізде жұмыс жасап тұрған «Жауынгерлік даңқ» бөлмесі осы уақыт аралықтарында қайта жасақталып өңделіп, жаңа мәліметтермен толықтырылып осы іс-шараға арнайы дайындаған еді. Шақыртылған қонақтар әуелі осы бөлмені аралап танысып одан кейін жоғары сынып оқушыларымен «Батыр» клубының мүшелерімен кездесу сыр сұқпатпен және мектебіміздегі өнерпаздардың өнерін тамашалаумен жалғасты.

Кездесуде оқушыларды қызықтырған сұрақтар ардагерлердің қызу әңгімелеріне ұласты. Оқушыларды сол уақыттағы жауынгерлердің арасында ең құнды болған нәрселер, жат жерге соғысқа аттанғанда қай жерлерде әскери борыштарын өтеп жүргендері, соғысқа барған кезде қанша жаста болғандықтары, «Ауғанстан жерінен елге оралып келе жатқандағы ең қуанышты сәттер естеріңізде бар ма?» –деген сияқты сауалдар оқушыларды көп қызықтырды. Ардагерлер өз сөздерінде сырт жерде жүргенде бір-бірінің әлеуметтік жағдайы, бай ауқатты болуы маңызды емес, тек адамның адамшылығымен жауынгер достастығы ең құнды екендігін айта өтті. Қанша айтсақ та осы кездесу оқушыларымыздың көкейінде көп нәрсені қалдырды.

Ең бастысы осы кездесуді ұйымдастыруымыз, оқушылардың бойында достық, ынтымақ, бір-біріне деген құрмет, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру, ерлікке баулу, Отанына деген сүйіспеншілікті арттыру сияқты қасиеттерді оқушылар бойына сыналай сіңіру болды.

Осындай ауыр аманат арқалап, өмір мен өлім белдескен қанды шайқасқа қатысып, батылдық пен ерліктің ерен үлгісін көрсеткен қаһарман жерлестеріміз қашан да аман болсын дегіміз келеді.

**Қадыргүл АЛИМГАЗИНА,**
**М. Әуезов атындағы №5 орта мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.**